

Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі № 141 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 233/НҚ бірлескен бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 10-т. қараңыз.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жоба (бұдан әрі - пилоттық жоба) іске қосылсын.

Пилоттық жобаны жүргізу субъектілері ретінде Ақтөбе (келісім бойынша), Қарағанды (келісім бойынша) және Павлодар (келісім бойынша) облыстарының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, Ақтөбе (келісім бойынша), Қарағанды (келісім бойынша) және Павлодар (келісім бойынша) облыстарының қалалық, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері айқындалсын.

2. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарының аумағында мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі (бұдан әрі – алгоритм) бекітілсін.

3. Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарының әкімдіктері пилоттық жобаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЕРДО) пилоттық жобаны әдіснамалық және техникалық қолдауды, цифрлық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық

технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҰҒО):

1) пилоттық жобаны іске асыру өңірлерінде алгоритмге сәйкес пилоттық жобаны әдіснамалық сүйемелдеуді, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарына және басқа да іс-шараларға әлеуметтік-техникалық сараптаманы ұйымдастыруды, жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) пилоттық жоба аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін пилоттық жобаның нәтижелері туралы оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен (бар болса) және қорытындылармен, сондай-ақ әлеуметтік-техникалық сараптаманың қорытындысына сәйкес мүгедектігі бар адамның техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына жеке қажеттіліктерін айқындауды ескере отырып, абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу бөлігінде медициналық-әлеуметтік сараптаманың әлеуметтік-техникалық сараптамамен өзара іс-қимыл тетігі бойынша хабардар етсін.

6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) пилоттық жобаны іске асыруды және жүргізудің ай сайынғы мониторингін жүргізуді;

2) пилоттық жобаны ЕРДО және ҰҒО-мен бірлесіп әдіснамалық және консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Инклюзия департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бірлескен бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі пилоттық жобаның қорытындысы бойынша "Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу", "Мүгедектігі бар адамдарға техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен

қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу" және "Мүгедектігі бар адамдарды жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тиісті кіші түрлерін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізу жөнінде ұсыныстар енгізісін.

9. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

10. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді және 12 (он екі) ай ішінде қолданыста болады.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*
_____ А. Ертаев

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі*
_____ Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақтөбе облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қарағанды облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысының әкімі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асыру алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм) мүгедектігі бар адамдарға жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен (бұдан әрі - ОТҚ) қамтамасыз ету бойынша өтеусіз пайдалану жағдайын және қайтару тәртібін айқындайды.

2. Осы Алгоритмнің 1-қосымшасына сәйкес өтеусіз пайдалануға және қайтарылуға жататын ОТҚ тізбесі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32984 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышының негізінде қалыптастырылды.

3. Осы Алгоритмде, ұғымдар мен терминдер "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі" 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ЗРК Қазақстан Республикасының Кодексінде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде қай мағынада қолданылған болса, сол мағынада пайдаланылады.

4. Мүгедектігі бар адамдарды ОТҚ қамтамасыз ету осы Алгоритмнің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен беруге арналған өтініш (бұдан әрі – өтініш) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 32993 болып тіркелген, бұдан әрі – № 287 бұйрық) бұйрығымен бекітілген Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – АОЖБ) ОТҚ, осы Алгоритмнің (бұдан әрі – өтініш) 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен және мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалту бағдарламасының әлеуметтік бөлігін өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарында беруге арналған өтініш (бұдан әрі – өтініш) негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Осы Алгоритмде көзделген іс-шараларды іске асыру мақсатында үшінші тараптарды – заңды тұлғаларды, дара кәсіпкерлерді және өзге де ұйымдарды қоғамдық негізде тартуға жол беріледі.

Үшінші тұлғаларды тарту жобаны ұйымдастырушы тарапынан қаржылық міндеттемелерсіз жасалатын ынтымақтастық туралы меморандум негізінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына әлеуметтік-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

6. ОТҚ әлеуметтік-техникалық сараптаманы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрған Әлеуметтік-техникалық сараптама комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) жүргізеді.

7. Әлеуметтік-техникалық сараптама (бұдан әрі – ӘТС) объективтілік, құзыреттілік, жан-жақтылық, сенімділік қағидаттарында мына:

мүгедектігі бар адамның өмір сүру сапасын және дербестік деңгейін жақсарту үшін ОТҚ қолданудың тиімділігін анықтау;

қолданылатын оңалту құралдарын жақсарту немесе ауыстыру бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы жүргізіледі.

8. ОТҚ мерзімінен бұрын ауыстыру туралы мәселені шешу үшін мүгедектігі бар адамның дербес өтініші негізінде ӘТС жүргізіледі.

2-Параграф. Мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарына әлеуметтік-техникалық сараптама жүргізу тәртібі

9. Мобильді азаматтар базасында өтініш берушінің абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болған кезде, оның абоненттік құрылғысына "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесімен (бұдан әрі – "Е-Собес" АЦЖ) осы Алгоритмнің 3-қосымшасына сәйкес комиссияға хабарласу қажеттілігі туралы смс-хабарлама:

ОТҚ пайдаланудың белгіленген мерзімі өткенге дейін үш ай бұрын;

мүгедектігі бар адамды АОЖБ сәйкес қажетті техникалық және оңалту құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін қаржыландыру болмаған кезде жіберіледі.

10. Мүгедектігі бар адам комиссияға жүгінген кезде ӘТС өткізу орны, күні және уақыты туралы мәселе шешіледі.

ӘТС Комиссия орналасқан жерде немесе мүгедектігі бар адамның үйіне бару арқылы жүзеге асырылады.

11. Комиссия функционалдық жарамдылығын, техникалық жай-күйін талдауды, ақауларды анықтауды, эргономиканы, ОТҚ қауіпсіздігін, сондай-ақ мүгедектігі бар адам жүгінген күннен бастап 7 жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны пайдаланушының күнделікті өміріне әлеуметтік әсері мен ықпалдасу дәрежесін қамтитын мүгедектігі бар адамның жеке қажеттіліктеріне ОТҚ сәйкестігін кешенді бағалау негізінде ӘТС жүргізеді және:

ОТҚ қамтамасыз ету қажеттілігі;

ОТҚ жөндеу қажеттілігі;

ОТҚ мерзіміне қарай немесе қызмет ету мерзімі өткенге дейін ауыстыру қажеттілігі

;

жыл сайынғы ӘТС өтетін ОТҚ одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы қорытынды шығарады.

12. Комиссия шешім қабылдау кезінде мынадай өлшемшарттарды басшылыққа алады:

ОТҚ анықталған ақауларының сандық және сапалық құрамы, сондай-ақ олардың ОТҚ жұмыс істеу жағдайына және мүгедектігі бар адамның өміріндегі тұрақты шектеулердің орнын толтыру немесе жою бойынша ОТҚ функцияларын орындауға әсері;

ОТҚ өндіруші (өнім беруші) белгілеген (көрсететін) функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларына сәйкестігі (сәйкес келмеуі);

мүгедектігі бар адам әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатып алған тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнына өтемақы ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың (бұдан әрі – кепілдік сома) құнымен салыстырғанда техникалық құралдарды жөндеуге жұмсалған шығындар;

мүгедектігі бар адамның антропометриялық деректерін сақтау (өзгерту).

13. Комиссияның ОТҚ жөндеу қажеттілігі туралы шешімі мынадай:

мүгедектігі бар адамның тыныс-тіршілігінің тұрақты шектеулерін өтеу немесе жою жөніндегі функцияларды орындауға, оның жұмыс қабілеттілігінің жай-күйіне әсер ететін ақауларды анықтау;

ОТҚ функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларына сәйкес келмеуі;

ағымдағы кезеңдегі ОТҚ кепілдік берілген құнының жартысынан төмен жөндеу құнын анықтау жағдайларында қабылданады.

14. ОТҚ белгіленген мерзімде немесе пайдалану мерзімі өткенге дейін ауыстыру қажеттілігі туралы Комиссияның шешімі мынадай:

осы Алгоритмнің 12-тармағында көрсетілген ақауларды және (немесе) сәйкессіздіктерді анықтаған;

ағымдағы кезеңдегі ОТҚ кепілдік берілген құнының жартысынан құны асқан;

ОТҚ-ны одан әрі пайдалану мүмкін еместігіне әкеп соққан мүгедектігі бар адамның антропометриялық деректері өзгерген жағдайда қабылданады.

15. ӘТС нәтижелері бойынша осы Алгоритмге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік-техникалық сараптаманың қорытындысы (бұдан әрі - ӘТС қорытындысы) беріледі.

16. Электрондық құжат нысанындағы ӘТС қорытындысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрлық жүйесіне жіберіледі және мүгедектігі бар адамға қағаз жеткізгіште беріледі.

3-бөлім. Әлеуметтік-техникалық сараптама комиссиясы

17. Комиссия құрамына кемінде 7 адам кіреді және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы бойынша сараптамалық бағалау жүргізу үшін қажетті білімі мен тәжірибесі бар халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның өкілдерінен, медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуге ұсынылғандарға ұқсас техникалық құралдарды (өнімдерді) өндіру және өндіру саласындағы мамандардан, медициналық және (немесе) техникалық білімі және (немесе) біліктілігі туралы құжаттармен расталған және (немесе) біліктілік туралы құжаттармен расталған мамандардан құрылады.

18. Арнайы білімді талап ететін жекелеген жағдайларда, оның ішінде медициналық қызмет саласында Комиссия құрамына медициналық ұйымдардың, қызмет көрсететін ұйымдардың мамандары, консультанттар, сараптамалық бағалау жүргізу үшін қажетті салаларда арнайы білімі бар сарапшылар енгізіледі.

19. Комиссия төрағасы (ол болмаған жағдайда Комиссия төрағасының орынбасары) :

Комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның жұмысын ұйымдастырады;

Комиссия отырыстарын өткізу күндерін белгілейді;

Комиссия отырысын жүргізеді.

20. Комиссия хатшысы:

әлеуметтік-техникалық сараптама нәтижелері бойынша Комиссия отырыстарының хаттамаларын (бұдан әрі – хаттама) ресімдейді және оларды Комиссия мүшелеріне қол қоюға ұсынуды ұйымдастырады;

хаттамаларды жүргізеді, жинақтайды және сақтайды;

ӘТС қорытындысын жасайды.

21. Комиссия отырысы Комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

3-тарау. Мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ауақытша өтеусіз пайдалану шарттарында қамтамасыз ету ерекшеліктері.

22. Қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері мүгедектігі бар адамдарға ОТҚ ауыстырудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін өтеусіз пайдалану және қайтару, жөндеу, мерзімінен бұрын ауыстыру немесе ауыстыру, қайтару немесе одан әрі пайдалану тәртібі туралы хабарлайды.

23. Қайтару шарттарында ОТҚ өтеусіз пайдалану оларды ауыстыру шарттарын ескере отырып, "Е-Собес" АЦЖ-да тіркелген өтінішке сәйкес АОЖБ іс-шарасын іске асыру кезеңінде жүзеге асырылады.

1-параграф. Жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын ауыстыру.

24. ОТҚ ауыстыру (мерзімінен бұрын ауыстыру) ОТҚ техникалық жай-күйі туралы ӨТС қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

техникалық оңалту құралын пайдаланудың қалған мерзіміне ҰҒО мүгедектігі бар адамға қажетті ОТҚ, пайдаланылған ОТҚ жалға беру пунктінен (бұдан әрі – жалға беру пункті) береді.

Ауыстыру туралы шешім қабылданған кезде осы Алгоритмге 1-қосымшаның 1–7, 33–44-тармақтарында көрсетілген ОТҚ ауыстыру мерзімі аяқталмаған жағдайда, жалға беру пунктінде қажетті техникалық көлік құралы болмаған жағдайда, мерзімінен бұрын ауыстыруға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы немесе № 228 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік сатып алу арқылы жол беріледі.

25. Бұрын пайдаланылған ОТҚ ауыстыру кезінде техникалық құралдарды мүгедектігі бар адамдар ҰҒО-ға қайтаруы тиіс.

мүгедектігі бар адам қайтыс болған жағдайда, осы Алгоритмге 1-қосымшаның 23, 45–46-тармақтарында көрсетілген ОТҚ қоспағанда, қайтыс болған адамды жерлеуді ұйымдастыруды өз мойнына алған тұлғалар (жеке және заңды тұлғаларды қоспағанда) үш ай ішінде ҰҒО-ға (оның филиалдарына) қайтарылуға тиіс.

26. Мүгедектігі бар адам немесе оның заңды өкілі ОТҚ өз бетінше алуға немесе қайтаруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары ОТҚ-ны оның тұрғылықты жеріне немесе тұратын жеріне жеткізуді қамтамасыз етеді.

1-параграф. Жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын жөндеу

27. ОТҚ жұмыс істеу кезеңінде осы Алгоритмге 1-қосымшада көрсетілген ОТҚ жөндеу бойынша қызметтер көрсетіледі.

28. ОТҚ жөндеу қажеттілігі туралы шешім техникалық сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде қабылданады.

ОТҚ жөндеу олардың қызмет ету мерзімі ішінде аккумуляторды екі реттен көп емес ауыстыра отырып, қажет болған жағдайда жөндеуге жататын әмбебап электрлі мүгедектер арбасын қоспағанда, жеткізушінің кепілдік мерзімі өткеннен кейін олардың қызмет ету мерзімі ішінде бір рет жүзеге асырылады.

29. Үш жұмыс күні ішінде ОТҚ жөндеу қажеттілігі туралы шешім қабылданған кезде ҰҒО қызмет көрсететін ұйымдарға ОТҚ жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы хат жолдайды.

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары қажет болған жағдайда жөндеуге жататын ОТҚ сервистік орталықтарға және кері қарай жеткізуді ұйымдастырады.

30. ОТҚ жөндеу мынадай:

жиырма жұмыс күніне дейін – күрделі жөндеу;

он жұмыс күніне дейін – орташа жөндеу;

бес жұмыс күніне дейін – ұсақ жөндеу мерзімінде жүзеге асырылады.

31. Осы Алгоритмге 1-қосымшаның 33–44-тармақтарында ОТҚ жөндеу кезінде ҰҒО мүгедектігі бар адамға ОТҚ жалға беру пунктiнен береді.

32. ҰҒО сервистік орталықтардан жөнделген ОТҚ келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мүгедектігі бар адамның абоненттік құрылғысына смс-хабарлама жіберу арқылы ОТҚ алу қажеттілігі туралы хабарлайды.

33. Мүгедектігі бар адамдарды жаңа ОТҚ-мен қамтамасыз ету, олар жөндеуі жүргізілген күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң ғана жүзеге асырылады.

1-параграф. Жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды және арнаулы жүріп-тұру құралдарын жалға беру тәртібі

34. ӘТС қорытындысы негізінде бұрын пайдаланылған ОТҚ ҰҒО құрған жалға беру пункттеріне беріледі.

35. Жалға беру пункттері өз қызметін осы Алгоритмнің 5-қосымшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын жалға беру пунктi туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

36. ҰҒО Ереженің 3-қосымшасына сәйкес ОТҚ қабылдау-беруді және қайтаруды есепке алу журналында электрондық түрде және қағаз жеткізгіште ОТҚ беруді және қайтаруды есепке алуды жүргізеді.

37. Техникалық жай-күйі бойынша әрі қарай пайдалануға жатпайтын, осы Алгоритмнің 1-қосымшасының 1–7, 33–44-тармақтарында көрсетілген, бұрын

қолданыста болған ОТҚ Ұлттық ғылыми орталығына түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге арналған, ҰҒО айқындаған қабылдау пункттеріне одан әрі қайта өңдеу үшін тапсырылады.

38. Осы Алгоритмнің 1-қосымшасының 1–7, 33–44-тармақтарында көрсетілген ОТҚ тапсыру нәтижесінен алынған түсімдер мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 Алгоритмге
1-қосымша
Ақтөбе, Қарағанды және
Павлодар облыстарында
мүгедектігі бар адамдарға
өтеусіз пайдалану және
қайтару шарттарымен берілетін
жеке техникалық көмекші
(орнын толтырушы)
құралдармен, арнаулы
жүріп-тұру құралдарымен
қамтамасыз ету бойынша
пилоттық жобаныіске асыру
алгоритміне
1-қосымша

Уақытша өтеусіз пайдалануға жататын жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың және арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесі

№ р/с	ОТҚ атауы
	Протездік-ортопедиялық құралдар
1.	Балаларға арналған жетек арбалар
2.	Ересектерге арналған жетек арбалар
3.	Қадамсыз жетек арбалар
4.	Қадамдық жетек арбалар
5.	Дөңгелекті жетек арбалар
6.	Балаларға арналған қосымша тіреуі бар жетек арбалар
7.	Ересектерге арналған қосымша тіреуі бар жетек арбалар

8.	Жейде киюге арналған құрылғы
9.	Колготки киюге арналған құрылғы
10.	Шұлық киюге арналған құрылғы
11.	Түйме тағуға арналған құрылғы (ілмек).
12.	Белсендіқармауыш
13.	Ыдыс-аяқты ұстауға арналған қармауыш
14.	Қақпақтарды ашуға арналған қармауыш
15.	Кілтке арналған қармауыш
	Сурдотехникалық құралдар
16.	Веб камерасы бар ноутбук
17.	Көп функциялы сигнал жүйелері
18.	Мәтіндік хабар беретін және хабарды қабылдайтын мобильді телефондар
19.	Саңырау және нашар еститін адамдарға арналған сағаттар
	Тифлотехникалық құралдар
20.	Оқу машиналары
21.	Сөйлеу синтезі бар экрандыққол жеткізу бағдарламасымен қамтамасыз етілген ноутбук
22.	Брайль жүйесі бойынша жазу құралы
23.	Брайль жүйесі бойынша жазу грифелі
24.	Дыбыспен хабар беретін және диктофоны бар мобильді телефон
25.	Дыбыстар жазбасын шығаруға арналған плейерлер
26.	Сөйлейтін сағат
27.	Көру қабілеті нашар адамдарға арналған, жарығы бар, үлкен оқуға оңай сандары мен тілдері бар сағат
28.	Брайль сағаты, шрифтпен
29.	Сөз шығаратын термометр
30.	Сөз шығаратын тонометр
31.	Сөз шығаратын және сынақ жолақтары бар глюкометр
32.	Брайль қарпін ақпаратты енгізу/шығару мүмкіндігі бар, портативті сөйлеу синтезді тифлокомпьютері
	Арнаулы жүріп-тұру құралдары
33.	Қол жетегі бар бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арба (балаларға арналған)
34.	Қол жетегі бар бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арба (жасөспірімге арналған)
35.	Қол жетегі бар бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арба (ересектерге арналған)
36.	Рычагты жетегі бар серуендеуге арналған кресло-арба

37.	Қол жетегі бар серуендеуге арналған кресло-арба (ересектерге арналған)
38.	Қол жетегі бар серуендеуге арналған кресло-арба(балаларға арналған)
39.	Қол жетегі бар серуендеуге арналған кресло-арба (жасөспірімге арналған)
40.	Белсенді типтегі әмбебап кресло-арба
41.	Электр жетегі бар әмбебап кресло-арба
42.	Ересектерге арналған көп функциялы әмбебап кресло-арба
43.	Балаларға арналған көп функциялы әмбебап кресло-арба
44.	Сырғытқы арба
	Гигиеналық өнімдер
45.	Дәретхана бөлмесіне арналған қайырмалы тіреуіштұтқалар*
46.	Жуынатын бөлмеге арналған тұтқалар*

*міндетті түрде қайтаруға жатпайды, ӘТС үйде жүргізіледі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 Алгоритмге
2-қосымша
Ақтөбе, Қарағанды және
Павлодар облыстарында
мүгедектігі бар адамдарға
өтеусіз пайдалану және қайтару
шарттарымен берілетін жеке
техникалық көмекші (орнын
толтырушы) құралдармен,
арнаулы жүріп-тұру
құралдарымен қамтамасыз
ету бойынша пилоттық жобаны
іске асыру алгоритміне
2-қосымша
Нысан
Жергілікті атқарушы органның
басшысына _____

Өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге арналған өтініш

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Туған күні: _____

Мүгедектігі _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжат нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: " ____ " _____ жылы

Жеке сәйкестендіру нөмірі

Тұрақты тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы:

Облыс: _____

қала (аудан) _____ ауыл: _____

көше (шағын аудан) _____ үй _____ пәтер _____

Телефон _____

Құжаттарды мыналар арқылы қабылдауды сұраймыз: Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы

Мемлекеттік сатып алу (керегінің астын сызу керек) _____

(мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасындағы іс-шаралар түрін көрсету)

Қамтамасыз етуге арналған өтінішті берген кезде: кресло-арбалармен, санитариялық жабдықтары бар кресло-орындықпен, көрсетіңіз:

салмағы _____ кг, бойы _____ см, жамбас көлемін _____ см.

Өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

№	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			
3			

Осы Алгоритмнің 1-қосымшасына сәйкес ОТҚ өтеусіз пайдалану және қайтару, жөндеу жүргізу, мерзімінен бұрын ауыстыру немесе ауыстыру, белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін қайтару немесе одан әрі пайдалану тәртібі туралы хабардар етілді.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар адамдарды

абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту құралдары мен қызметтерін ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу үшін қажетті цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

20 ____ жылғы " ____ " _____

(Өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____

(қию сызығы)

Азаматтың _____ өтініші қабылданды.

Өтініш қабылданған күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

(Өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 Алгоритмге
3-қосымша
Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар
облыстарында мүгедектігі бар
адамдарға өтеусіз пайдалану
және қайтару шарттарымен
берілетін жеке техникалық
көмекші (орнын толтырушы)
құралдармен, арнаулы жүріп-тұру
құралдарымен қамтамасыз ету
бойынша пилоттық жобаны
іске асыру алгоритміне
3-қосымша.

Құрметті _____ !

(Толық аты-жөні)

Сіз мүгедектігі бар адамдарға өтеусіз пайдалану және қайтару шарттарымен берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы

жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету бойынша пилоттық жобаны іске асырудың әлеуетті қатысушысы болып табыласыз.

Біз Сізге АОЖБ-ға сәйкес берілген _____ (ОТҚ атауы) ауыстырудың соңғы мерзімі туралы хабарлаймыз. ОТҚ әлеуметтік-техникалық сараптамасын жүргізу үшін мына мекенжай бойынша комиссияға хабарласу қажет: _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 Алгоритимге
4-қосымша
Ақтөбе, Қарағанды және
Павлодар облыстарында мүгедектігі
бар адамдарға өтеусіз пайдалану
және қайтару шарттарымен
берілетін жеке техникалық
көмекші (орнын толтырушы)
құралдармен, арнаулы жүріп-тұру
құралдарымен қамтамасыз
ету бойынша пилоттық жобаны
іске асыру алгоритміне
4-қосымша
Нысан

(Аты)

Мүгедектігі бар адамдарға берілетін жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын жөндеу, мерзімінен бұрын ауыстыру немесе ауыстыру қажеттілігін, белгіленген мерзім өткеннен кейін одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен мерзімін белгілеу үшін әлеуметтік-техникалық сараптама қорытындысы

20____ жылғы " ____ " _____ № _____

Берілген

(мүгедектігі бар адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған жылы: _____

Тұрғылықты жерінің мекенжайы, егер тұрғылықты жері болмаса, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын жерінің мекенжайы,
нақты тұрғылықты жері көрсетіледі (керегінің астын сызу керек):

Байланыс телефондары: _____

Әлеуметтік-техникалық сараптама жүргізу үшін ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы)

құралдардың, арнайы көлік құралдарының атауы:

Мүмкіндігі шектеулі адамға техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғы, арнаулы жүріп-тұру құралы берілген құжат:

абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы, ДСК сертификаты

№ _____ берілген күні _____

берген _____

келесі себептерге байланысты техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру

құралдарымен қамтамасыз ету мүмкін еместігіне байланысты үйге бару арқылы жүргізілді:

көмекші (орнын толтырушы) жабдықты, арнайы тасымалдау құралдарын тасымалдаудағы қиындықтар;

мүгедектігі бар адамның денсаулық жағдайы.

Әлеуметтік-техникалық сараптаманың қорытындысы (керегін белгілеңіз): техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғыны, арнайы көлік құралдарын жөндеу қажет:

(техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнайы көлік құралдарын жөндеу

қажеттілігі туралы шешімнің себептері, оның ішінде техникалық көмекші (орнын толтырушы)

құралдардың, арнайы көлік құралдарының анықталған ақаулары мен сәйкессіздіктері,

сондай-ақ оның тозу пайызы көрсетіледі)

_____;

техникалық көмекші (орнын толтырушы) жабдықты, арнайы көлік құралдарын ауыстыру (ерте ауыстыру) қажет:

(техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғыны, арнаулы жүріп-тұру құралын ауыстыру

(мерзімінен бұрын ауыстыру) қажеттілігі туралы шешім қабылдаудың себептері, оның ішінде

анықталған ақаулар мен сәйкессіздіктер, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғының,

арнаулы жүріп-тұру құралының (қажет болған жағдайда) тозу пайызы), сондай-ақ антропометриялық ауытқулардағы өзгерістер көрсетіледі.

техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын одан әрі пайдалану мүмкін):

(әрі қарай пайдалану мерзімі техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың , арнаулы

жүріп-тұру құралдарының жұмысқа жарамдылық жағдайына, оның қажетті функционалдық

параметрлерге, медициналық мақсатқа және клиникалық-функционалдық талаптарға

сәйкестігіне жүргізілген сараптамалық бағалауды ескере отырып көрсетіледі)

Басшы

(қолы)

(толық аты-жөні)

М.О.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект
және цифрлық даму министрі

2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 233/НҚ мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 141 Алгоритмге
5-қосымша
Ақтөбе, Қарағанды және
Павлодар облыстарында
мүгедектігі бар адамдарға
өтеусізпайдалану және
қайтару шарттарымен берілетін
жеке техникалық көмекші
(орнын толтырушы)
құралдармен, арнаулы
жүріп-тұру құралдарымен
қамтамасыз ету пилоттық
жобаны іске асыру алгоритміне
5-қосымша

Жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын жалға беру пункті туралы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Халықты әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – ҰҒО) жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын (бұдан әрі – ОТҚ) жалға беру пунктінің жұмыс істеу тәртібін белгілейді.

2. Жалға беру пунктін құрудың негізгі мақсаты мүгедектігі бар адамдарға ОТҚ уақытша пайдалануға ұсыну болып табылады.

3. Жалға беру пунктін ОТҚ қоры мүгедектігі бар адамдар пайдалануда болған, қызмет көрсетуге жарамды ОТҚ қабылдау арқылы қалыптастырылады. Қайырымдылық көздерінен алынған ОТҚ қорын қалыптастыруға рұқсат етіледі.

4. ОТҚ жалға беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бар адамдар немесе оның заңды өкілінің және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жалға беру заттарын уақытша пайдалануға беру туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ҰҒО-ға (олардың филиалдарына) берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

5. Жекелеген ОТҚ уақытша пайдалануға беру тегін жүзеге асырылады. Оңалтудың техникалық құралдарын қабылдағаннан немесе жалға беру пунктіне қайтарғаннан кейін олар дезинфекциялануға жатады.

6. Жекелеген ОТҚ-ға жүгіну, оларды беру және қайтару туралы мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОТҚ қабылдау-беруді және

қайтаруды есепке алудың электрондық журналына енгізіледі және цифрлық жүйеде сақталады.

7. Жекелеген ОТҚ-ны уақытша пайдалануға беру уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Жалға беру пунктiнiң жекелеген ОТҚ уақытша пайдалануға беруi мынадай жағдайларда:

1) әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ОТҚ бастапқы алғанға дейiн;

ауыстыруға (ауыстыру мерзiмiнiң аяқталуына, мерзiмiнен бұрын ауыстыруға немесе дұрыс жұмыс iстемеуiне) байланысты әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ОТҚ алғанға дейiн жүзеге асырылады.

9. Шарт бiр жылға жасалады (кейiннен ұзарту санын шектемей, ұқсас шарт жасасу нысанында ұзартумен).

10. ОТҚ жалға беру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОТҚ қабылдау-беру актiсiмен ресiмделедi.

11. Техникалық оңалту құралдарын берудi және қабылдауды техникалық оңалту құралдарын қолдану және пайдалану бойынша қажеттi бiлiмi, машықтары мен дағдылары бар жалға беру пунктiнiң қызметкерi жүзеге асырады.

12. Жалға беру пунктiнiң қызметкерi жекелеген ОТҚ беру кезiнде мүгедектiгi бар адамға және оның заңды өкiлiне ОТҚ пайдалану кезiндегi пайдалану ережелерiн және қауiпсiздiк шараларын түсiндiредi.

13. ОТҚ мүгедектiгi бар адамның жеке ерекшелiктерiн ескере отырып таңдалады, ақаусыз күйде жалға берiледi, ОТҚ жарамдылығын тексеру мүгедектiгi бар адамның немесе оның заңды өкiлiнiң немесе оның жақын ортасындағы адамның қатысуымен жүргiзiледi.

14. Мүгедектiгi бар адамға немесе оның заңды өкiлi ОТҚ-ны өз бетiнше алуға немесе қайтаруға мүмкiндiгi болмаса, халықты әлеуметтiк қорғау және жұмыспен қамту мәселелерi жөнiндегi жергiлiктi атқарушы органдар ОТҚ жеткiзудi қамтамасыз етедi.

15. Шарттың қолданылу мерзiмi аяқталғаннан кейiн пайдаланушы ОТҚ-ны жалға беру пунктiне жақсы жағдайда қайтарады.

16. Мүгедектiгi бар адамға Шарттың қолданылу мерзiмi аяқталғанға дейiн АОЖБ-ға сәйкес жеке ОТҚ алған жағдайда, АОЖБ-ға сәйкес оңалту жабдығы берiлген күннен бастап бiр аптадан кешiктiрiлмей ОТҚ жалға беру пунктiне қайтарылады.

17. Жалға беру пунктi туралы ақпарат:

1) жергiлiктi атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың әлеуметтiк қызмет көрсету ұйымдарының ғимаратындағы ақпараттық тақталарда;

2) әлеуметтiк қызметтер порталында орналастырылады.

18. Құрылымында жалға беру пунктi құрылған ҰҒО (оның филиалдары) азаматтарға ОТҚ алу және пайдалану мәселелерi бойынша консультациялар бередi,

жалға беру пунктінің жұмыс уақытын өңірлік ерекшеліктерге қарай, оның ішінде кешкі уақытта, демалыс және мереке күндерінде белгілейді.

19. Жалға беру пункті қызметкерлерінің қызметін бақылауды құрамында жалға беру пункті құрылған ҰҒО (оның филиалдары) басшысы жүзеге асырады.

20. Жалға беру пункттерін ОТҚ қамтамасыз ету мониторингін ҰҒО (оның филиалдары) жүзеге асырады.

Жеке техникалық көмекші
(орнын толтырушы)
құралдарды, арнаулы
жүріп-тұру құралдарын
жалға беру пункті туралы
ережеге
1-қосымша
Нысан
ҰҒО басшысына
(олардың филиалы)

Мәлімдеме жеке техникалық қолдау көрсету туралы (орнын толтырушы) құралдар, жалға берілетін арнаулы жүріп-тұру құралдары

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (ол болған жағдайда)

_____ туған күні: _____

_____ Мүгедектігі _____

_____ Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі:

_____ Құжат нөмірі: _____

_____ берген: _____

_____ Берілген күні: " ____ " _____ ЖЫЛ

_____ Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

_____ Облыс: _____

_____ қала (аудан)

_____ ауыл: _____ көшесі (шағын аудан) _____

үй

_____ пәтер _____

_____ Телефон _____

Жалға алу үшін жеке ОТҚ алу үшін құжаттарды қабылдауды сұраймыз

(жеке тұлғаны оңалту және оңалту бойынша жеке бағдарламаның іс-шарасының түрін

көрсетіңіз, бұл кезде: мүгедектер арбасын, мүгедекті арбаны ұсыну кезінде: _____ кг,

бойы _____ см, жамбас шеңбері _____ см.

Өтінішке қоса берілетін құжаттар тізімі:

№	Құжат атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескерту
1			
2			
3			

Осы Алгоритмнің 1-қосымшасына сәйкес жеке техникалық құралдарды ауыстырудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін тегін пайдалану, жөндеу, мерзімінен бұрын ауыстыру немесе ауыстыру, қайтару немесе одан әрі пайдалану тәртібі туралы хабарланады.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзімнің жеке деректерімді жинауға және өңдеуге, мүгедектігі бар адамдарды оңалту және абилитациялау жеке бағдарламасына сәйкес оңалту қаражатын және қызметтерін көрсету үшін құжаттарды дайындау үшін қажетті цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

" ____ " _____ 20 ____ ж.

(өтініш берушінің (заңды өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

(өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы)" ____ " _____ 20 ____ ж.

(кесу сызығы)

Азаматтың _____ өтініші қабылданды.

Өтінішті қабылдаған күні " ____ " _____ 20 ____.

(өтінішті қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы).

Жеке техникалық көмекші
(орнын толтырушы)
құралдарды, арнаулы
жүріп-тұру құралдарын
жалға беру пункті туралы
ережеге
2-қосымша

Уақытша пайдалануға жалға беру берілетін заттарды беру туралы шарт № ____

к. _____ " __ " _____ 20__ ж.

Азамат _____,

ЖСН _____ жеке куәлік _____,

бұдан әрі "Алушы" деп аталатын, бір жағынан және _____

_____, бұдан әрі "Жалға беру пункті" деп аталатын,

_____ ұсынатын,

негізінде әрекет ететін, екінші жағынан, бұдан әрі ұжымдық түрде "Тараптар" деп аталатын, осы шартты мынадай түрде жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Жалға беру Алушыға техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдары (бұдан әрі – ОТҚ) уақытша иелену және пайдалану үшін тегін береді.

(ОТҚ атауы, инвентарлық нөмірі)

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " _____ " _____ дейінгі кезеңге _____ дана мөлшерінде беріледі.

1.2. ОТҚ _____ дана _____ негізінде беріледі.

1.3. Алушыға Шарт бойынша берілген ОТҚ мүгедектігі бар адамды оналту мақсатында пайдаланылады _____

(Толық аты-жөні)

1.4. Тараптар Шарт бойынша берілген техникалық құралдар мен жабдықтардың баланстық құны

_____ (_____) теңгені құрайтынына келісті.

1.5. ОТҚ жұмысқа жарамдылығын Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес қабылдау-тапсыру актісін ресімдей отырып, алушының қатысуымен Жалға беру пункті тексереді.

2. Тараптардың міндеттемелері

2.1. Жалға беру пункті мыналарға:

2.1.1. Алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға жарамды ОТҚ беруге;

2.1.2. Алушының қатысуымен ОТҚ жұмысқа жарамдылығын тексеруге;

2.1.3. Алушыны ОТҚ пайдалану және сақтау қағидаларымен, қауіпсіздік техникалары қағидаларымен таныстыруға міндеттенеді;

2.1.4. Алушының ОТҚ пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету қағидаларын бұзуына байланысты емес, уақытша пайдалануға берілген ОТҚ істен шыққан жағдайда, істен шыққан ОТҚ қолда бар басқа ұқсас, жұмысқа жарамды ОТҚ ауыстырады. ОТҚ ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда шарт бұзылды деп есептеледі және ОТҚ жалға беру пунктіне қайтарылады.

2.2. Алушы міндеттенеді:

2.2.1. ОТҚ-ны жарамды күйде ұстауға, ОТҚ-ны мақсатына сәйкес пайдалануға, ОТҚ-ны басқа тұлғалардың пайдалануына бермеуге, ОТҚ-ны бөлшектемеуге және жөндеуге болмайды;

2.2.2. Осы Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін ОТҚ жалға беру пунктіне жарамды күйде қайтаруға міндетті.

3. Қорытынды ережелер

3.1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ОТҚ жалға беру орнына қайтарылғанға дейін әрекет етеді.

3.2. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі. Келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар сот тәртібімен шешіледі.

3.3. Осы Шарт әрқайсысының бірдей заңды күші бар екі данада - әрбір Тарап үшін бір дана қол қойылды.

4. Тараптардың мәліметтері мен қолдары

Мекеме	Алушы
БСН _____	ЖСН _____
БСК _____	Тіркеу мекенжайы _____
Заңды мекенжайы _____	_____
Қолы _____ / _____ / _____	Нақты тұрғылықты мекенжайы _____

Келісімнің екінші данасын алған:

" ____ " _____ 202 ж. _____

күні қол қойылған қол транскрипт

Мен ОТҚ пайдалану және сақтау қағидаларымен таныспын:

" ____ " _____ 202 ж. _____

күні қол қойылған қол транскрипт

№ _____ ҚОСЫМША КЕЛІСІМ

202__ жылғы " ____ " _____ № _____ уақытша пайдалануға жалға берілетін заттарды беру туралы шартқа

ж. _____

" ____ " _____ 202__ ж.

Азамат _____,

ЖСН _____ жеке басын куәландыратын құжат _____

_____ ,
бұдан әрі Алушы _____

_____ ,
(Аты-жөні, туған жылы)

бір жағынан және _____ , бұдан әрі Жалға беру

пункті деп аталатын,

_____ білдіретін,

_____ негізінде әрекет ететін, екінші жағынан, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын

осы қосымша келісімді (бұдан әрі – Шарт) 201__ жылғы "___" _____ № _____ шартқа (бұдан әрі – Шарт) мыналар бойынша:

1. Шарттың _____ тармағына өзгерістер енгізілсін және ол мынадай редакцияда жазылсын:

" _____ " .

2. Шарттың осы Келісімге әсер етпейтін барлық басқа шарттары өзгеріссіз күшінде қалады.

3. Осы Шарт Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Осы Шарт әрбір Тарап үшін бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

5. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді.

ТАРАПТАРДЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

мекеме

БИН _____

БИК _____

Заңды мекенжайы _____

Қолы _____ / _____ / Алушы

ЖСН _____

Тіркеу мекенжайы _____

Нақты тұрғылықты мекенжайы _____

Жеке техникалық көмекші
(орнын толтырушы)
құралдарды, арнаулы
жүріп-тұру құралдарын
жалға беру пункті туралы
ережеге
3-қосымша

Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы жүріп-тұру құралдарын қабылдауды, беруді және қайтаруды тіркеу журналы

№	Мүгедектігі бар адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	мекенжайы және телефон нөмірі	Жеке басын куәландыратын және мүгедектікті анықтайтын құжаттар	Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғыны, арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру үшін негіз	Шифр	Саны	Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғыны, арнаулы жүріп-тұру құралын берген қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрылғыны, арнаулы жүріп-тұру құралын қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды, арнаулы көлік құралдарын жалға беру пункті туралы ережеге 4-қосымша

Акт жеке техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды қабылдау және беру арнайы көлік құралдары _____20_____ ж. уақытша пайдалануға жалға берілетін заттарды беру туралы шартқа № _____20_____ бастап

№ р/с	Уақытша пайдалануға берілген ОТҚ атауы	ОТҚ баланстық құны		Саны
		беру кезінде	қайтып келгенде	
	Барлығы:			

Мен _____
растаймын (алушы/сенімді тұлға, заңды өкіл жеке өзі толтырады)

Сіз ОТҚ-ның техникалық сипаттамаларымен, пайдалану және сақтау ережелерімен (ОТҚ бойынша пайдалану нұсқаулары), оның ішінде қолдануға қарсы көрсетілімдермен таныс екеніңізді.

Акт әрбір тарап үшін бір данадан екі данада жасалады және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Берген:	Қабылдады:
_____	_____

_____	_____
(лауазымы) (ұйымның атауы)	(Толық аты-жөні)
_____	_____
–	(қолы)
(қолы) М.П. (толық аты-жөні)	
Қайтару белгісі:	
_____	_____
Тапсырды:	Қабылдады:
_____	_____
(Толық аты-жөні)	(лауазымы) (ұйымның атауы)
_____	_____
(қолы)	(қолы) (аты-жөні)
	М.О. Күні _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК